Аннотация. Зерттеуде ауытқымалы деректерді тегістеуге арналған кеңінен қолданылатын төрт алгоритм қарастырылады: қарапайым экспоненциалды тегістеу, жылжымалы орташа, кездейсоқ жүріс және Савицкий–Голей сүзгісі. Әдістердің тиімділігі орташа квадраттық қате (RMSE), орташа абсолюттік қате (MAE), орташа абсолюттік пайыздық қате (MAPE) және сигнал/шу қатынасы (SNR) көрсеткіштері арқылы бағаланды. Бағалау үшін Дүниежүзілік банктің ресми дереккөздерінен алынған Қазақстанның 1990–2024 жылдардағы жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) деректері пайдаланылды. Әзірленген бағдарламалық модуль уақыттық қатарлар мен дискретті өлшемдерді төрт әдіс арқылы тегістеуге және оңтайлы мәндерді анықтау үшін бағалау параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модуль нәтижелерді визуализациялауды және деректерді CSV, XLSX, JSON және PDF форматтарында экспорттауды қолдайды. Савицкий–Голей сүзгісі орташа квадраттық қатенің ең төменгі мәнін (RMSE = 5,27) және сигнал/шу қатынасының ең жоғары көрсеткішін (SNR = 28,49 дБ) көрсетті. Зерттеудің ғылыми жаңалығы төрт тегістеу алгоритмін параметрлерді икемді реттеуді, әртүрлі кіріс деректер форматтарын қолдауды және RMSE, MAE, MAPE және SNR көрсеткіштері бойынша әдістерді салыстырмалы бағалауды қамтамасыз ететін бірыңғай веб-архитектураға біріктірумен сипатталады. Әзірленген модуль уақыттық қатарларды алдын ала өңдеуде және экономикалық болжау жүйелерінде қолданылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: уақыт қатарлары, Савицки–Голай сүзгісі, қарапайым экспоненциалды тегістеу, жылжымалы орта, ЖІӨ, бағалау параметрлері, интеллектуалды жүйелер

Дәйексөздер үшін: Адалбек А., Керімқұл С.Е., Кулиев К.Д., Мекеш О., Хамитова Ж.Ж. (2026). Деректердің нәтиже бағдарланған тегістеу модельдерін әзірлеу және олардың тиімділігін талдау // Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы. Т. 7. No 27. Б. 11–29. https://doi.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

org/10.54309/IJICT.2026.27.3.001. (Қаз. тіл.).

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Алғыс. *Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP26196337).*

РАЗРАБОТКА РЕЗУЛЬТАТИВНО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ МОДЕЛЕЙ СГЛАЖИВАНИЯ ДАННЫХ И АНАЛИЗ ИХ ЭФФЕКТИВНОСТИ

А Адалбек[1]*, С.Е. Керимкулов[1], К.Д. Кулиев[2], О. Мекеш[3], Ж.Ж. Хамитова[1]

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан;

[2]Самаркандский государственный университет им. Ш.Рашидова, Самарканд, Узбекистан;

[3]Казахский агротехнический научно-исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан.

E-mail: alibek.adalbek@gmail.com

Адалбек Алибек — докторант кафедры информационных систем Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан
E-mail: alibek.adalbek@gmail.com, https://orcid.org/0000–0001–8543–2192;

Керимкулов Сейт Есилбаевич — профессор кафедры информационных систем Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан
https://orcid.org/0000–0002–5886–6064;

Кулиев Комил Данабаевич — профессор кафедры «Математическая физика и функциональный анализ», Самаркандский государственный университет им. Ш. Рашидова, Самарканд, Узбекистан;

Мекеш Оралбек — старший преподаватель кафедры высшей математики Казахского научно-исследовательского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан
https://orcid.org/0000-0001-7816-8856;

Хамитова Жайнагуль Жанаткызы — докторант кафедры информационных систем Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан
https://orcid.org/0009-0005-3351-7449.

© А. Адалбек, С.Е. Керимкулов, К.Д. Кулиев, О. Мекеш, Ж.Ж. Хамитова

Аннотация. В исследовании рассматриваются четыре широко используемых алгоритма сглаживания флуктуирующих данных: простое экспоненциальное сглаживание, скользящее среднее, случайное блуждание и фильтр

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

Савицкого–Голея. Эффективность методов оценивалась с использованием среднеквадратичной ошибки (RMSE), средней абсолютной ошибки (MAE), средней абсолютной процентной ошибки (MAPE) и отношения сигнал/шум (SNR). Для оценки использовались данные о валовом внутреннем продукте (ВВП) Казахстана за 1990–2024 годы, полученные из официальных источников Всемирного банка. Разработанный программный модуль позволяет сглаживать временные ряды и дискретные измерения с помощью четырёх методов, а также настраивать параметры оценки для определения оптимальных значений. Модуль поддерживает визуализацию результатов и экспорт данных в форматах CSV, XLSX, JSON и PDF. Фильтр Савицкого–Голея продемонстрировал наименьшую среднеквадратичную ошибку (RMSE = 5,27) и наибольшее отношение сигнал/шум (SNR = 28,49 дБ). Научная новизна исследования заключается в интеграции четырёх алгоритмов сглаживания в единую веб-архитектуру, обеспечивающую гибкую настройку параметров, поддержку различных форматов входных данных и сравнительную оценку методов по показателям RMSE, MAE, MAPE и SNR. Разработанный модуль может применяться для предварительной обработки временных рядов и в системах экономического прогнозирования.

Для цитирования: Адалбек А., Керимкулов С.Е., Кулиев К.Д., Мекеш О., Хамитова Ж.Ж. (2026). Разработка результативно-ориентированных моделей сглаживания данных и анализ их эффективности // Международный журнал информационных и коммуникационных технологий. Т. 7. No. 27. Стр. 11–29. https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.27.3.001. (На каз.).

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Благодарности. *Данное исследование профинансировано Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP26196337).*

Кіріспе.

Ұлттық экономикалық көрсеткіштердің уақыт қатарлары көбіне кездейсоқ тербелістер мен маусымдық ауытқуларға (Savitzky et al., 1964) жиі ие болады. Мұндай деректерді талдау барысында бастапқы деректердің тұрақсыздығы болжам дәлдігіне теріс әсер етеді. Сондықтан да бастапқы деректерге тегістеу әдістерін қолдану ғылыми зерттеу нәтижелерінің сенімділігін барынша арттырады. Соңғы кездері жылжымалы орташа, экспоненциалды тегістеу және Савицки–Голей сияқты тегістеу әдістері статистикалық талдау мен машиналық оқыту жүйелерінде кеңінен қолданыла бастады (Savitzky et al., 1964; Hening et al., 2022).

Дегенмен, қолданыстағы зерттеулер көбіне бір ғана тегістеу тәсілімен (Önder et al., 2013) шектеледі, сонымен осы тәсілдерді салыстырған зерттеулерде бар (Kaneko et al., 2015), бірақ оларда параметрлерін икемді түрде басқару мүмкіндігі аз. Осыған байланысты бұл зерттеу төрт классикалық әдісті біріктіретін, бірнеше деректер форматтарын қолдайтын, параметрлерді автоматты басқаруды, визуализацияны, экспорттау функцияларын және бірыңғай статистикалық баға-

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

лауды қамтамасыз ететін бірыңғай тегістеу модулін әзірлеу арқылы үлес қосады (Petropoulos et al., 2022; Önder et al., 2013).

Ғылыми зерттеулерде (Тураров т.б., 2023)қаржылық болжам жасау кезінде уақыт қатарларын тегістеу және трендтерді анықтау үшін жылжымалы орташа сияқты әдістер қолданылады, ал (Адамбекова т.б., 2019) зерттеуде қор индексі деректері де айнымалы және шуылы көп болғандықтан, авторлар орташа мәндер арқылы тегістеу, яғни жылжымалы орта элементтерін қолданады. Сонымен бірге (Утибаев т.б., 2019)зерттеуінде ауылшаруашылық өндірісінің динамикасын зерттеген, яғни маусымдық және жылдық өзгерістерді тегістеу үшін жылжымалы орташа және корреляциялық әдістер пайдаланылған. Демек, бұл мысалдар экономикалық және өндірістік статистикада тегістеу әдістерінің қолданылуын нақтылайды.

Бұл ғылыми зерттеуде ұсынылып отырған модуль – уақыт қатарлары мен дискретті өлшеулерден келетін деректерді бағалау параметрлеріне сай тегістеу әдісін таңдауға арналған бағдарламалық компонент. Модуль қолданушыға төрт тегістеу әдісінің бірін таңдау арқылы деректердегі шу мен кездейсоқ ауытқуларды азайтып, негізгі ақпараттарды жоғалтпай маңызды құрылымды анықтауға және экономикалық болжам жүйелерін оңтайлы жетілдіруде қолдануға мүмкіндік береді. Мақала құрылымы келесідей: 2–бөлімде әдістемелік негіздер, 3–бөлімде эксперименттік нәтижелер мен бағалау нәтижелері берілген, 4–бөлімде қорытынды жасалған.

Әдістер мен материалдар.

Бұл бөлімде қолданушы деректерінің құрылымы мен типіне сәйкес келетін тегістеудің төрт негізгі әдісіне қысқаша теориялық сипаттама берілген, сонымен қатар әдістерді пайдалану қадамдары мен қандай деректерге қолдануға болатыны туралы қысқаша нұсқаулық келтірілген. Енгізілген деректерді тегістеу модулінің архитектурасы 1–суретте сипатталған:

Енді осы архитектураның деректермен жұмыс істеу принциптерін қадам бойынша қарастырайық.

1. Қолданушы деректерді енгізу қабаты (User Input Layer). Бұл қабат қолданушымен жүйе арасындағы интерфейс қызметін атқарады, яғни жүйеге деректерді тізбек түрінде енгізуге болады немесе *.csv, *.xlsx, *.json форматындағы файл ретінде жүктеуге болады. Содан кейін алдын ала көрсетілген форматтарға сәйкестігін тексеру мен валидация жасалады. Енгізілген деректерде мынадай міндетті өрістер болу керек: уақыттық индекс (timestamp немесе integer), өлшеу мәні (float).

Жүйеге енгізілетін деректердің жалпы түрі келесідей:

– *деректер* (data): тізбектелген нүктелер $\{(t_i, x_i)\}_{i=1}^{N}$.


– *деректер метадеректері* (metadata): уақыттық қадам: 1 жыл, өлшем бірлігі: млрд АҚШ доллары, бастапқы статистика: (орташа, медиана, стандарттық ауытқу).

2. Тегістеу әдісін таңдау (Method Selection)

Бұл қабатта қолданушыға ұсынылған төрт әдістің бірін таңдау мүмкін-

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

дігін береді: қарапайым экспоненциалды тегістеу, жылжымалы орташа, кездейсоқ жүріс (модель/салыстырмалы базис ретінде), Савицки–Голай сүзгісі. Әдісті таңдау интерфейсі пайдаланушыға әр әдістің қысқаша сипаттамасын және қолдану шарттарын көрсетеді (trend/seasonality болуы, сигналдың спектрлік қасиеттері және т.б.).



Сур. 1. Ұсынылған деректерді тегістеу модулінің жалпы архитектурасы және ақпараттық ағыны

Қолданушыға әдіс таңдауында есептеу мақсатына және бастапқы деректердің статистикалық қасиеттеріне қарай нақты нұсқаулар беріледі. Мысалы:

– Егер есептің мақсаты – соңғы мәнге жанасатын тегістеу болса, яғни соңғы мәнге көбірек салмақ беру керек болса, онда қарапайым экспоненциалды тегістеу ұсынылады.

– Егер есептің мақсаты – берілген сигналдың орташа қозғалысын қарапайым түрде сипаттау болса, онда Moving Average тегістеуі ұсынылады.

– Егер есептің мақсаты – берілген сигнал деңгейіндегі нүктелер арасындағы құрылымды сақтау және сигналдың максимум/минимум нүктелерін бұзбау қажет болса, онда Savitzky–Golay тегістеуі ұсынылады.

– Егер есептің мақсаты – болжанбайтын, кездейсоқ сипаттағы уақыт қатарларын модельдеу болса, онда Random Walk моделі тегістеуі ұсынылады.

3. Әр әдіске тән параметрлер мен олардың семантикасы

3.1 Қарапайым экспоненциалды тегістеу (Simple Exponential Smoothing)

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

Қолданатын параметрі $\alpha, 0 < \alpha \leq 1$ болып табылады (Woo et al., 2022; Önder et al., 2013; Swari et al., 2021).

Математикалық өрнектелуі:

$$S_t = \alpha x_t + (1-\alpha)S_{t-1}, S_1 = x_1. \quad (1)$$

мұндағы $x_t - t$ – шы нүктедегі бастапқы дерек, $S_t - t$ – шы нүктедегі тегістелген мән, $S_{t-1} - t - 1$- ші нүктедегі тегістелген мән.

Мұнда α мәні – соңғы мәндерге берілетін салмақты басқарады. $\alpha \to 1$ болса соңғы мәндерге тәуелділігі артып, тегістеу «жеңілдейді»; $\alpha \to 0$ болса, тегістеу көп жылдамдықты тербелістерді басады.

Әдетте бастапқы баптаулар: 0.1–0.3 – қатты тегістеу, 0.6–0.9 – жеңіл тегістеу болып табылады.

3.2 Жылжымалы орташа (Moving Average)

Қолданатын параметрі: – терезе өлшемі (оң, бүтін, тақ сан).

Математикалық өрнектелуі (Petropoulos et al., 2022; Hewamalage et al., 2021; Swari et al., 2021):

$$MA_t = \frac{1}{n}\sum_{i=0}^{n-1} x_{t-i}. \quad (2)$$

мұндағы $x_t - t$ – шы нүктедегі бастапқы дерек, $MA_t - t$ – шы нүктедегі тегістелген мән.

Мұнда *n* үлкен болса, тегістеу күшті, әрі кешігу (lag) артады; *n* кішкентай болса сигналдың бастапқы құрылымы сақталады.

3.3 Кездейсоқ жүріс (Random Walk)

Қолданатын параметрі (Önder et al., 2013): σ – қадамдық шуылдың стандарттық ауытқуы (немесе дисперсия σ^2).

Модельдің формуласы:

$$x_t = x_{t-1} + \varepsilon_t, \varepsilon_t \sim N(0, \sigma^2). \quad (3)$$

мұндағы x_t– бастапқы позиция, $\varepsilon_t - t$– шы қадамды сипаттайтын кездейсоқ шама.

Мұнда кездейсоқ жүріс – деректердің эволюциясын модельдеу үшін қолданылатын стохастикалық процесс болып табылады және ол өзіндік «тегістеу» емес, керісінше, ол көбіне деректің кездейсоқ прогрессиясын сипаттауға қолданылады.

3.4 Савицки–Голай сүзгісі

Қолданатын параметрі (Savitzky et al., 1964; Schmid et al., 2022; Liang et al., 2022): терезе өлшемі $(window_length)$ оң, бүтін, тақ сан, полином дәрежесі

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

$(polyorder)$ $(0 \leq polyorder < window_length)$ көп жағдайда $polyorder = 2$ немесе 3 деп жиі қолданылады.

Математикалық өрнектелуі:

$$y_t = \sum_{j=-m}^{m} c_j x_{t-j}. \tag{4}$$

мұндағы $y_t - t-$ нүктесіндегі тегістелген мән, $x_t - t -$ нүктесіндегі бастапқы мән, c_j – конволюция коэффициенті, $m-$ тегістеу терезесінің өлшемінің жартысы, яғни отралық нүктеден $(m-1)/2$ нүкте сол және оң жағынан алынады.

Бұл әдіс бастапқы сигналдың локальды құрылымын сақтап, жиілік компоненттерін тиімді үлестіреді, әсіресе спектрлік өлшеулер, сигналдағы максимум/минимум нүктелерін сақтау маңызды болған кезде өте қолайлы.

3.5 Қалдықтарды талдау мен есептеу тиімділігі

Әрбір тегістеу әдісі үшін қалдықтар (Residual = Original − Smoothed) толық есептелді. Қалдықтардың орташа мәні, стандарттық ауытқуы, Дарбин–Уотсон статистикасы және Льюнг–Бокс критерийі арқылы қалдықтардың кездейсоқтығы нақты бағаланды (Smyl et al., 2024; Makridakis et al., 2021).

Әрбір тегістеу әдістерінің алгоритмнің орындалу уақыты Python time. perf_counter() функциясы арқылы миллисекундпен өлшенді (Liang et al., 2022; Makridakis, 2024).

4. Өңдеу қозғалтқышы (Processing Engine)

Бұл блок – қолданушының таңдаған әдісіне сәйкес сандық есептеулерді атқаратын орталық компонент болып табылады. Оның қызметтеріне бастапқы деректерді алдын ала масштабтау/нормалау, таңдалған алгоритмнің айрықша имплементациясы, параметрлік тексеру және есептеу нәтижелерінің сақталуы мен тестілеу жатады.

Компонент келесі құрамнан тұрады:

– Препроцессинг модулі: уақыттық интерполяция, масштабтау – таңдалған әдіске қатысты.

– Валидация модулі: параметр бағалаулар, мысалы Савицки–Голай әдісінде терезе өлшемі – тақ сан болуын, қарапайым экспоненциалды тегістеуде диапазоны бірден аспауын қадағалау.

– Алгоритм модульдері: әр әдіс үшін жоғарыда келтірілген формулаларға сәйкес жеке функция немесе класс құрылады.

– Тестілеу және нәтижелердің сапасын бақылау. Бағалау критерийлері RMSE, MAE, MAPE бойынша тегістелген деректердің метрикаларын салыстыру. Мысалы, RMSE критерийлері

$$RMSE = \sqrt{\frac{1}{N}\sum_{t=1}^{N}(x_t - \hat{x}_t)^2} \tag{5}$$

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

формуласы бойынша анықталады. Сонымен қатар, Фридман критерийі арқылы барлық тегістеу әдістері арасындағы айырмашылықтың нақты статистикалық маңыздылығы бағаланды (Demšar, 2006).

5. Нәтижелер қабаты (Output Layer)

Осылайша, тегістеу әдістерін қолданып алынған нәтижелерді қолданушыға визуализация, статистикалық метрикалар және экспорт опциялары форматында ұсынады. Нақтырақ айтқанда:

1. Бастапқы деректерді мен төрт әдіс бойынша алынған барлық мәндерді бір графикте көрнекілейді. Графиктерді салыстырып талдау жасау ыңғайлы.

2. Бастапқы мәндер, тегістелген мәндер, айырмашылық (residuals) бағандарын кесте түрінде ұсынады.

3. Статистикалық қорытындылар жасалады. Мысалы, сигнал–шу қатынасы (SNR)

$$SNR = 10\log_{10}\left(\frac{\sum \hat{x}_t^2}{\sum (x_t - \hat{x}_t)^2}\right) \quad (6)$$

есептеледі.

4. Алынған нәтижелерді *.xlsx, *.csv, *.json және *.pdf форматында тікелей экспорттауға және графиктерді *.png/svg форматында сақтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Алдыңғы бөлімде келтірген теориялық материалдарды Python ортасында нақты практикалық және имплементация түрде жүзеге асырылды. Ол үшін бастапқы дерек ретінде Дүниежүзілік банктің ресми дерекқорынан ағымдағы баға бойынша Қазақстанның 1990–2024 жылдар арасындағы ЖІӨ–нің (жалпы ішкі өнім) статистикасы қолданылды (1–кесте).

1 кесте. Дүниежүзілік банктің ағымдағы баға бойынша Қазақстанның ЖІӨ–нің бастапқы деректер статистикасы, млрд АҚШ доллары, 1990–2024 жж.

(i)	(ii)	(i)	(ii)	(i)	(ii)	(i)	(ii)
1990	26.932	1999	16.871	2008	133.442	2017	166.806
1991	24.923	2000	18.292	2009	115.309	2018	179.340
1992	24.917	2001	22.153	2010	148.047	2019	181.667
1993	23.409	2002	24.637	2011	192.626	2020	171.082
1994	21.251	2003	30.834	2012	207.999	2021	197.112
1995	20.374	2004	43.152	2013	236.635	2022	225.496
1996	21.035	2005	57.124	2014	221.416	2023	262.642
1997	22.166	2006	81.004	2015	184.388	2024	288.406
1998	22.135	2007	104.850	2016	137.278		

(i) – жылдар, (ii) – ЖІӨ, млрд АҚШ доллары.

Ендігі ретте, 1–кестедегі бастапқы деректерді берілген 4 әдіспен тегістеу үшін 2–кестеде көрсетілген бағалау парамертлері арқылы сынақ жүргіземіз (Makridakis et al., 2022; Адамбекова т.б., 2019; Утибаев т.б., 2019).

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

2 кесте. Әдістерді бағалау параметрлері

№	Әдіс	Сыналған параметрлер	Түсіндірме
1	Қарапайым экспоненциалды тегістеу	$\alpha \in \{0.10, 0.25, 0.50, 0.75, 0.90\}$	10% жаңа мән, 90% алдыңғы тренд ескерілген
2	Жылжымалы орташа	$window \in \{3,5,7,9\}$	Әрбір мән әртүрлі тақ жылдық орташа бойынша есептелген
3	Кездейсоқ жүріс	$\sigma \in \{0.5, 1.0, 1.5, 2.0\}$	Тегістелген, бірақ кездейсоқ қозғалыс әсері бар модель
4	Савицки–Голай	$window \in \{3,5,7,9\}$, $polyorder \in \{1,2,3\}$	Полиномдық тегістеу, терезе ұзындығы әртүрлі тақ жыл

Осылайша, тегістеу әдістерінің параметрлері алдын ала жүргізілген зертханалық эксперименттер негізінде таңдалды. Әрбір әдіс үшін бірнеше параметр комбинациялары толық қарастырылып, олардың нақты тиімділігі RMSE, MAE, MAPE және SNR көрсеткіштері (5)–(6) бойынша толық бағаланды (3–кесте).

3 кесте. Зертханалық эксперимент нәтижесі.

Әдіс	Параметрлер	RMSE	MAE	MAPE (%)	SNR (дБ)
(i)	α = 0.1	64,288	45,635	33,606	6,757
(i)	α = 0.25	40,953	27,625	22,730	10,674
(i)	α = 0.5	29,288	20,274	17,354	13,586
(i)	α = 0.75	23,973	17,213	14,843	15,325
(i)	α = 0.9	21,961	16,147	14,039	16,087
(ii)	w = 3	18,596	13,292	11,469	17,778
(ii)	w = 5	30,695	22,819	18,648	13,689
(ii)	w = 7	40,145	30,316	23,143	11,642
(ii)	w = 9	49,124	37,291	27,679	10,193
(iii)	σ = 0.5	115,970	84,279	58,923	1,633
(iii)	σ = 1.0	112,102	82,062	61,715	1,927
(iii)	σ = 1.5	108,312	79,844	64,507	2,226
(iii)	σ = 2.0	104,607	77,827	67,763	2,528
(iv)	w = 3, p = 1	7,287	4,388	4,183	25,669
(iv)	w = 3, p = 2	0,000	0,000	0,000	307,554
(iv)	w = 5, p = 1	12,022	7,611	7,616	21,320
(iv)	w = 5, p = 2	5,267	3,371	2,969	28,489
(iv)	w = 5, p = 3	5,214	3,230	2,837	28,577
(iv)	w = 7, p = 1	16,207	10,780	10,801	18,725
(iv)	w = 7, p = 2	7,996	5,133	4,715	24,862
(iv)	w = 7, p = 3	7,799	4,795	4,612	25,078
(iv)	w = 9, p = 1	19,154	13,114	13,825	17,274
(iv)	w = 9, p = 2	10,811	6,805	6,247	22,242
(iv)	w = 9, p = 3	10,925	6,960	6,212	22,151

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

(i) – қарапайым экспоненциалды тегістеу, (ii) – жылжымалы орташа, (iii) – кездейсоқ жүріс, (iv) – Савицки–Голай сүзгісі. p – полином дәрежесі, w – терезе өлшемі.

Зерттеу нәтижесін алу үшін Python ортасының келесі кітапханалар мен функциялар қолданылды:

1. NumPy – кітапханасы көпөлшемді массивтермен (array), векторлық есептеулермен, математикалық операциялармен жұмыс істеу үшін қолданылды.

2. Pandas – деректерді кестелік (DataFrame) форматта сақтау мен өңдеу үшін пайдаланылды. Бұл кітапхана арқылы бастапқы экономикалық деректер жүктеліп, индекстер, бағандар және тегістеу нәтижелері өңделді.

3. Statsmodels.tsa.holtwinters – модулінен алынған SimpleExpSmoothing класы жәй экспоненциалды тегістеу (Simple Exponential Smoothing) әдісін жүзеге асыру үшін қолданылды.

4. Scipy.signal – модулі сигналдарды өңдеуге арналған функцияларды қамтиды. Зерттеу барысында бұл модульдің savgol_filter функциясы Savitzky–Golay фильтрациясын жүзеге асыру үшін пайдаланылды.

5. Sklearn.metrics – модулінен алынған функциялар (мысалы, mean_squared_error, mean_absolute_error) модельдердің дәлдігін бағалау үшін қолданылды. Осы метрикалар арқылы RMSE, MAE, және MAPE сияқты бағалау көрсеткіштері есептелді.

6. Matplotlib.pyplot – кітапханасы тегістеу нәтижелерін визуализациялау үшін пайдаланылды.

Әрі қарай салыстыру үшін RMSE көрсеткіші ең төмен параметрлері 3–кестеден таңдалды. Зертханалық эксперименттің нәтижесінде келесі параметрлер таңдалды (4–кесте):

4 кесте. Зертханалық эксперименттің нәтижесінде таңдап алынған параметрлер

Әдіс	Параметрлер	RMSE	MAE	MAPE (%)	SNR (дБ)
(i)	α = 0.90	21,961	16,147	14,039	16,087
(ii)	w = 3	18,596	13,292	11,469	17,778
(iii)	σ = 2.0	104,607	77,827	67,763	2,528
(iv)	w = 3, p = 2	0,000	0,000	0,000	307,554

(i) – қарапайым экспоненциалды тегістеу, (ii) – жылжымалы орташа, (iii) – кездейсоқ жүріс, (iv) – Савицки–Голай сүзгісі. p – полином дәрежесі, w – терезе өлшемі.

Енді Python ортасында осы ғылыми зерттеу арналып жазылған кодтан үзінді келтірейік:

1. Қарапайым экспоненциалды тегістеу әдісінің қысқаша коды (1):

```
alpha = 0.90
ses_model = SimpleExpSmoothing(data[«ЖІӨ (млрд $)»]).fit(smoothing_level=alpha, optimized=False)
```

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

```
data[«SimpleExponential»] = ses_model.fittedvalues
```

2. Жылжымалы орташа тегістеу әдісінің қысқаша коды (2):

```
window = 3
data[«MovingAverage»] = data[«ЖІӨ (млрд $)»].rolling(window=window).mean()
```

3. Кездейсоқ жүріс тегістеу әдісінің қысқаша коды (3):

```
np.random.seed(0)
sigma = 2.0
random_walk = [data[«ЖІӨ (млрд $)»][0]]
for i in range(1, len(data)):
    random_walk.append(random_walk[–1] + np.random.normal(0, sigma))
data[«RandomWalk»] = random_walk
```

4. Савицки–Голай тегістеу әдісінің қысқаша коды (4):

```
data[«SavitzkyGolay»] = savgol_filter(data[«ЖІӨ (млрд $)»], window_length=3, polyorder=2)
```

Осы Python ортасын қолданып бастапқы деректерге әртүрлі бағалау параметрлері бойынша тестілеу мен эксперименттер жүргізілді. Бұл зертеуде тек 4–кестегі бағалау параметрлерінің нәтижелері көрсетілді. Осылайша, 4–кестеде көрсетілген бағалау парамертлерін қолданып бастапқы деректерді тегістеу нәтижесі 5–кестеде көрсетілген.

5 кесте. Бағалау параметрлерін қолданып деректерді тегістеу нәтижелері (1990–2024).

Жыл	ЖІӨ (млрд $)	Қарапайым экспоненциалды тегістеу	Жылжымалы орташа	Кездейсоқ жүріс	Савицки–Голай
1990	26.93	26,93	NaN	26,93	26,93
1991	24.92	26,93	NaN	30,46	24,92
1992	24.92	25,12	25,59	31,26	24,92
1993	23.41	24,94	24,42	33,22	23,41
1994	21.25	23,56	23,19	37,70	21,25
1995	20.37	21,48	21,68	41,43	20,37
1996	21.04	20,49	20,89	39,48	21,04
1997	22.17	20,98	21,19	41,38	22,17
1998	22.14	22,05	21,78	41,08	22,14
1999	16.87	22,13	20,39	40,87	16,87
2000	18.29	17,40	19,10	41,69	18,29
2001	22.15	18,20	19,11	41,98	22,15
2002	24.64	21,76	21,69	44,89	24,64
2003	30.83	24,35	25,87	46,41	30,83
2004	43.15	30,19	32,87	46,65	43,15
2005	57.12	41,86	43,70	47,54	57,12

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

2006	81.0	55,60	60,43	48,21	81,00
2007	104.85	78,46	80,99	51,20	104,85
2008	133.44	102,21	106,43	50,79	133,44
2009	115.31	130,32	117,87	51,41	115,31
2010	148.05	116,81	132,27	49,71	148,05
2011	192.63	144,92	151,99	44,60	192,63
2012	208.0	187,86	182,89	45,91	208,00
2013	236.63	205,98	212,42	47,64	236,63
2014	221.42	233,57	222,02	46,15	221,42
2015	184.39	222,63	214,15	50,69	184,39
2016	137.28	188,21	181,03	47,78	137,28
2017	166.81	142,37	162,82	47,87	166,81
2018	179.34	164,36	161,14	47,50	179,34
2019	181.67	177,84	175,94	50,56	181,67
2020	171.08	181,28	177,36	53,50	171,08
2021	197.11	172,10	183,29	53,81	197,11
2022	225.5	194,61	197,90	54,57	225,50
2023	262.64	222,41	228,42	52,79	262,64
2024	288.41	258,62	258,85	48,83	288,41

Әрі қарай 5–кестедегі тегістелген деректердің бағалау метрикасын жүргізілді. Тегістеу әдістерінің алынған тиімділігін бағалау үшін бірнеше стандартты статистикалық метрикалар қолданылды. Бұл метрикалар қолданылған модельдің бастапқы деректерге қаншалықты жуық нәтижелер беретінін және оның шуылға (noise) қаншалықты төзімді екенін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Содан кейін орташа квадраттық қате (5) (RMSE), орташа абсолюттік қате (MAE), орташа пайыздық қате (MAPE), сигнал–шу қатынасы (SNR) параметрлері (6) бойынша бағаланды. Осы қолданған параметрлер негізінде әрбір тегістеу әдісінің тиімділігі салыстырылды, ал нәтижелері 6–кестеде берілді.

Енді 5–кестенің нәтижелері бойынша қарапайым экспоненциалды тегістеу әдісі $(DW = 0{,}944;\ p = 0{,}170)$ қалдықтарда статистикалық маңызды автокорреляцияның болмауымен ең жоғары тұрақтылық көрсетті. Ал Савицки–Голай және өзге әдістердегі $p < 0{,}05$ көрсеткіші модельдердің бастапқы деректерді жоғары дәлдікпен жуықтауына қарамастан, олардың қалдықтарында жүйелі тәуелділіктің сақталғанын айқындайды.

6–кестеде көрініп тұрғандай Савицки–Голай–дәлдік көрсеткіштері (RMSE, MAE, MAPE, SNR) бойынша ең жақсы болып табылады.

Тегістеу әдістерінің сапасын кешенді түрде саралау мақсатында қалдықтардың (residuals) статистикалық сипаттамалары Дарбин–Уотсон және Льюнг–Бокс критерийлері арқылы автокорреляция мен кездейсоқтық тұрғы-

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

сынан талданды. 7–кестеде жинақталған бұл көрсеткіштер қалдықтардың статистикалық сенімділігін негіздейді.

6 кесте. Бағалау параметрлері.

Әдіс	RMSE	MAE	MAPE (%)	SNR (dB)
Жылжымалы орташа	18,596	13,292	11,469	17,778
Кездейсоқ жүріс	104,607	77,827	67,763	2,528
Савицки–Голай	0,000	0,000	0,000	307,554
Қарапайым экспоненциалды тегістеу	21,961	16,147	14,039	16,087

7 кесте. Тегістеу әдістерінің қалдықтарын статистикалық талдау нәтижелері.

Әдіс	Қалдықтардың орташа мәні	Қалдықтардың стандарттық ауытқуы	Дарбин–Уотсон статистикасы	Льюнг–Бокс р-мәні
Жылжымалы орташа	7,704	17,188	0,642	0,022
Кездейсоқ жүріс	65,121	83,060	0,042	0,000
Савицки–Голай	0,000	0,000	0,190	0,000
Қарапайым экспоненциалды тегістеу	8,206	20,667	0,944	0,170

Қарастырылған тегістеу әдістерінің есептеу жылдамдығын салыстыру мақсатында әрбір алгоритмнің орындалу уақыты Python бағдарламалау ортасында time.perf_counter() функциясы арқылы нақты өлшенді. Осылайша, есептеу уақыты миллисекундпен анықталды және әр әдіс үшін алдыңғы бөлімде таңдалған ең тиімді параметрлер қолданылды. Есептеу тиімділігінің нәтижелері 8–кестеде келтірілген.

8 кесте. Тегістеу әдістерінің есептеу тиімділігін салыстыру.

Әдіс	Ең тиімді параметрлер	Есептеу уақыты (мс)
Жылжымалы орташа	$w = 3$	1,139
Кездейсоқ жүріс	$\sigma = 2.0$	0,204
Савицки–Голай	$w = 3$, $p = 2$	1,155
Қарапайым экспоненциалды тегістеу	$\alpha = 0.90$	1,496

p – полином дәрежесі, w – терезе өлшемі.

8–кестеден байқағанымыздай жылжымалы орташа, Савицки–Голай сүзгісі және қарапайым экспоненциалды тегістеу әдістерінің орындалу уақыттары сәйкесінше 1,139 мс, 1,155 мс және 1,496 мс болды. Барлық әдістердің есептеу уақыты 2 мс-тан төмен болғандықтан, олардың есептеу күрделілігі қарастырылған деректер көлемі үшін өте төмен деп бағаланды. Сондықтан әдісті таңда-

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

уда есептеу уақыты емес, тегістеу сапасын сипаттайтын RMSE, MAE, MAPE және SNR көрсеткіштері негізгі критерий ретінде пайдаланылды.


Әдістер арасындағы айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын бағалау үшін Фридман критерийі қолданылды. Бұл критерий бірнеше әдістің нәтижелерін бірдей деректер жиынында салыстыруға мүмкіндік беретін параметрлік емес статистикалық тәсіл болып табылады (Demšar, 2006). Фридман тестінің нәтижелері 9–кестеде берілген.

9 кесте. Фридман критерийі бойынша әдістерді статистикалық салыстыру нәтижелері.

Көрсеткіш	Мәні
Фридман статистикасы	85,6182
p-мәні	0
Қорытынды	Әдістер арасындағы айырмашылық статистикалық маңызды

9–кестеден көрініп тұрғандай, Фридман статистикасының мәні 85,6182, ал p-мәні 0 болды. Яғни, бұл әдістер арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан маңызды екенін көрсетеді. Демек, қарастырылған тегістеу әдістерінің нәтижелері бірдей емес.

Келесі де Python ортасын қолданып бастапқы деректер мен тегістелген деректерді көрнекілейік (визуализация), ал нәтижесі график түрінде 2–суретте көрсетілген.




Сур. 2. ЖІӨ уақыт қатарын тегістеу әдістерінің графиктері

Бұл модулде тегістелген деректердің графигімен қатар соңғы нәтижені *.csv, *.xlsx, *.JSON, *.pdf – форматтарында көшіріп алуға мүмкіндігі бар.

Төмендегі 3–суретте жылжымалы орташа, кездейсоқ жүріс, Савицки–Голай сүзгісі және қарапайым экспоненциалды тегістеу әдістері бойынша бастапқы және тегістелген мәндер арасындағы қалдықтардың жылдар бойынша өз-

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

геріс динамикасы көрсетілген.



Сур. 3. Қарастырылған тегістеу әдістері бойынша қалдықтардың динамикасы:
(а) – Жылжымалы орташа әдісі бойынша қалдықтар;
(ә) – Кездейсоқ жүріс негізіндегі салыстыру моделі бойынша қалдықтар;
(б) – Савицкий–Голай сүзгісі бойынша қалдықтар;
(в) – Қарапайым экспоненциалды тегістеу әдісі бойынша қалдықтар.

Қорытынды.

Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде Қазақстанның 1990–2024 жылдар аралығындағы ЖІӨ бастапқы деректерін тегістеу үшін қарапайым экспоненциалды тегістеу, жылжымалы орташа, Савицки–Голай сүзгісі және кездейсоқ жүріс негізіндегі базалық салыстыру моделі қолданылды. Әдістердің тиімділігі RMSE, MAE, MAPE, SNR көрсеткіштері мен қалдықтарды талдау және есептеу уақыты арқылы нақты бағаланды.

Қолданылған параметрлерді салыстыру нәтижесінде қарапайым экспоненциалды тегістеу үшін $\alpha = 0.9$, жылжымалы орташа үшін терезе = 3, кездейсоқ жүріс моделі үшін $\sigma = 2.0$, ал Савицки–Голай сүзгісі үшін терезе = 3, полином дәрежесі = 2 ең тиімді параметрлер ретінде зертханалық эксперимент арқылы анықталды. Сонымен қатар, дәлдік метрикалары бойынша Савицки–Голай сүзгісі ең төмен қателікті көрсетті (RMSE ≈ 0, SNR = 307.55 дБ). Алайда бұл нәтиже таңдалған параметрлердің бастапқы деректерді толық дерлік қайта қалпына келтіруімен байланысты болғандықтан, оны нақты тегістеу әсері тұрғысынан сақтықпен түсіндіру қажет деп санаймыз.

Ендігі ретте, жылжымалы орташа әдісі тұрақты және түсіндіруге ыңғайлы нәтиже көрсетті (RMSE = 18.60, MAE = 13.29, MAPE = 11.47%, SNR = 17.78 дБ). Ал қарапайым экспоненциалды тегістеу әдісі (RMSE = 21.96) қалдықтардағы автокорреляция тұрғысынан салыстырмалы түрде тұрақты болып шықты,

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

себебі Льюнг–Бокс тестінің p-мәні 0.170 болып, 0.05 деңгейінен жоғары шықты. Кездейсоқ жүріс моделі жоғары қателік көрсеткендіктен, ал бұл ғылыми жұмыста тек базалық салыстыру моделі ретінде қарастырылды.

Алайда есептеу тиімділігі бойынша барлық әдістер дерлік 2 мс-тан төмен уақытта орындалды, сондықтан қарастырылған бастапқы деректер көлемі үшін олардың есептеу күрделілігі төмен деп бағаланды. Жалпы алғанда, ұсынылған модуль бірнеше тегістеу әдісін бір архитектурада біріктіріп, параметрлерді икемді таңдауға, нәтижелерді салыстыруға, қалдықтарды талдауға және визуализациялауға мүмкіндік береді (Demšar, 2006; Ljung et al., 1978). Болашақта бұл архитектураны интеллектуалды ақпараттық жүйенің веб-модулі ретінде енгізу және әртүрлі экономикалық уақыт қатарларында қосымша сынақтан өткізу жоспарланады.

REFERENCES

Adambekova, A. A., & Omir, A. Zh. (2019). Stock Market Indices: Analysis and Features of Application // Central Asian Economic Review. No. 5. — Pp. 54–66. [In Kaz.].

Demšar, J. (2006). Statistical comparisons of classifiers over multiple data sets // Journal of Machine Learning Research. — Vol. 7. — Pp. 1–30. [In Eng.].

Hewamalage, H., Bergmeir, C., & Bandara, K. (2021). Recurrent neural networks for time series forecasting: Current status and future directions // International Journal of Forecasting. — Vol. 37. — No. 1. — Pp. 388–427. [In Eng.].

Hening, A., Tran, K. Q., & Ungureanu, S. C. (2022). The effects of random and seasonal environmental fluctuations on optimal harvesting and stocking // Journal of Mathematical Biology. — Vol. 84. — No. 6. — Pp. 41. [In Eng.].

Kaneko, H., & Funatsu, K. (2015). Smoothing–combined soft sensors for noise reduction and improvement of predictive ability // Industrial & Engineering Chemistry Research. — Vol. 54. — No. 50. — Pp. 12630–12638. [In Eng.].

Liang, H., Zhao, X., & Guo, Y. (2022). Noise Reduction Method for the Ring LaserGyro Signal Based on Ceemdan and the Savitzky–Golay Algorithm // Fluctuation and Noise Letters. — Vol. 21. — No. 01. Article 2250005. [In Eng.].

Long, X., Schmidt, D. F., Bergmeir, C., & Smyl, S. (2024). Fast Gibbs sampling for the local and global trend Bayesian exponential smoothing model // International Journal of Forecasting / preprint version. [In Eng.].

Liang, H., Zhao, X., & Guo, Y. (2022). Noise reduction method for the ring laser gyro signal based on CEEMDAN and the Savitzky–Golay algorithm // Fluctuation and Noise Letters. — Vol. 21. — No. 01. Article 2250005. [In Eng.].

Ljung, G. M., & Box, G. E. P. (1978). On a measure of lack of fit in time series models. Biometrika. — Vol. 65. — No. 2. — Pp. 297–303. [In Eng.].

Makridakis, S., Fry, C., Petropoulos, F., & Spiliotis, E. (2021). The future of forecasting competitions: Design attributes and principles // International Journal of Forecasting. [In Eng.].

Makridakis, S., Spiliotis, E., Assimakopoulos, V., Chen, Z., Gaba, A., Tsetlin, I., & Winkler, R. L. (2022). The M5 uncertainty competition: Results, findings and conclusions // International Journal of Forecasting. — Vol. 38. — No. 4. — Pp. 1365–1385. [In Eng.].

Makridakis, S. (2024). The M6 forecasting competition: Bridging the gap between forecasting and investment decisions // International Journal of Forecasting. [In Eng.].

Makridakis, S., Spiliotis, E., & Assimakopoulos, V. (2022). The M5 accuracy competition: Results, findings and conclusions // International Journal of Forecasting. — Vol. 38. — No. 4. — Pp. 1346–1364. [In Eng.].

Önder, E., Bayır, F., & Hepsen, A. (2013). Forecasting macroeconomic variables using artificial neural network and traditional smoothing techniques // Journal of Applied Finance and Banking. — Vol. 3. — No. 4. — Pp. 73–104. [In Eng.].

Petropoulos, F., Apiletti, D., Assimakopoulos, V., Babai, M. Z., Barrow, D. K., Ben Taieb, S., et al. (2022). Forecasting: theory and practice // International Journal of Forecasting. — Vol. 38. — No. 3. — Pp. 705–871. [In Eng.].

Savitzky, A., & Golay, M. J. E. (1964). Smoothing and differentiation of data by simplified least squares

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

procedures // Analytical Chemistry. — Vol. 36. — No. 8. — Pp. 1627–1639. [In Eng.].

Schmid, M., Rath, D., & Diebold, U. (2022). Why and how Savitzky–Golay filters should be replaced // ACS Measurement Science Au. — Vol. 2. — No. 2. — Pp. 185–196. [In Eng.].

Swari, M. H. P., Handika, I. P. S., & Satwika, I. K. S. (2021, October). Comparison of simple moving average, single and modified single exponential smoothing. In 2021 IEEE 7th Information Technology International Seminar (ITIS) (pp. 1-5). IEEE. [In Eng.].

Smyl, S., Bergmeir, C., Dokumentov, A., Long, X., Wibowo, E., & Schmidt, D. F. (2024). Local and global trend Bayesian exponential smoothing models. International Journal of Forecasting. [In Eng.].

Turarov, D. R., & Issayeva, A. A. (2023). Financial Forecasting Using Stochastic Models: Evidence from the Kazakhstan Commodity Exchange. Journal of Economic Research & Business Administration. — Vol. 146. — No. 4. [In Kaz.].

Utibayev, B. S., & Utibayeva, G. B. (2019). Analysis of the Sustainability of Grain Production Using Statistical Methods. Problems of AgriMarket. No. 1. Pp. 129–135. [In Russ.].

Woo, G., Liu, C., Sahoo, D., Kumar, A., & Hoi, S. C. H. (2022). ETSformer: Exponential smoothing transformers for time-series forecasting. Proceedings of the 39th International Conference on Machine Learning (ICML). [In Eng.].

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Собственник:
АО «Международный университет информационных технологий» (Казахстан, Алматы)

Главный редактор:
Колесникова Катерина Викторовна

Ответственный редактор:
Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерная верстка:
Калабай Замзагуль Ертугановна

Сайт журнала: https://journal.iitu.edu.kz
ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)

Подписано в печать 30.09.2026.
050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).

Издание АО "Международного университета информационных технологий"